# Африка халқы және демографиясы

**Орындаған:** *Батырша Құлпынай,*
*Дәулетбаева Ақгүл,*
*Ермаханова Салтанат,*
*Серікова Құралай*
**Қабылдаған:** *Сұлтанова А. М.*

# Африка

**Африка** — көлемі жағынан Евразиядан кейінгі екінші материк — жер беті құрылығының шамамен бесінші бөлігін (жанасып жатқан аралдарымен бірге 30,3 млн. шаршы км) алып , жатыр. Африка континенті солтүстік жарты шарда да, сондай-ақ оңтүстік жарты шарда да бірдей дерлік үлес алады, әрі оның көп бөлігі тропиктік белдеуде жатыр.



- Африканың қазіргі кездегі халқының саны **700 млн-нан астам.**
- Материк халқының нәсілдік, тілдік және ұлттық құрамы өте күрделі.
- Африкада Жер шарындағы негізгі үш нәсілдің өкілдері кездеседі.



- Африканың байырғы халқын саны жағынан басым экваторлық нәсілдің өкілдері құрайды. Материктің көп бөлігінде Сахарадан оңтүстікке қарай негрлер мекендейді.
- Негрлердің көпшілігіне тән белгілер – өңінің қара, ал шаштарының қалың, бұйра болуы. Бұл қасиеттер олардың денесін қатты ыстықтан қорғайды.
- Негр тектес халықтардың ортақ белгілерімен қатар, бас және бет пішінінде, дене бітімі мен бойының ұзындығына  үлкен айырмашылықтар байқалады.



Солтүстік Африкада саванналарында материктің ең бойшаң адамдары – *тутси мен химилер тұрады*. Олар ерекше сымбатты, шымыр болады, бойларының орташа ұзындығы 180-200 см-ге жетеді.





Экваторлық ормандарда бойлары өте аласа пигмейлер тұрады, олардың бойының ұзындығы 150 см-ден аспайды. Пигмейлердің өңі ақшылдау, кең танаулы, еріндері жұқа, денелері шомбал болып келеді.





Ніл өзенінің жоғары және орта ағысында, шығыстағы көлдер маңында нилоттар тұрады. Олардың өңі қап-қара, қыр мұрынды, бойшаң болады.





Калахари шөлін бушмендер мен готтентоттар қоныстанған. Олардың өңі сары, беті жалпақ, монғол тектестерге ұқсастау болып келеді.





Еуропалық тектес нәсілге жататын халықтар Африканың солтүстігі мен оңтүстігінде тұрады. Осы нәсілге Солтүстік Африканы мекендейтін араб және бербер халықтары, Жерорта теңізі жағалауында тұратын француздар жатады.





Оңтүстік Африкада Нидерландыдан көшіп барғандардың ұрпақтары – африканерлер (бурлар) және ағылшындар тұрады.






Тропикалық Африкада халықтың орташа орналасу тығыздығы 1 $км^2$ 22 адамнан келеді. Ал бұл көрсеткіш Азия мен Еуропаға қарағанда төмен. Оның негізгі себебі климаттық қолайсыздығы.



Тропикалық Африкада қала халқының үлесі жөнінен басқа аймақтардан әлде қайда төмен дәрежеде (30% шамасында). Жекелеген елдердегі қала халқының үлес салмағын айтатын болсақ Ливияда -86%, Алжирде — 56%, ал ОАР-да -57%-ы құрайды.

| Елдер атауы | Ауданы, мың км² | Демографиялық көрсеткіштері | | | Мемлекеттік құрылымы | Астанасы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Халық саны, млн адам | Орташа жылдық табиғи өсім % | Қала халқының үлесі % | | |
| Алжир | 2382 | 32,8 | 2,4 | 49 | Р | Алжир |
| Египет | 1002 | 74,7 | 2,0 | 44 | Р | Каир |
| Ливия | 1760 | 5,5 | 2,5 | 86 | Джамахирия | Триполи |
| Мали | 1240 | 11,6 | 3,1 | 26 | Р | Бамако |
| Нигер | 1267 | 11,0 | 3 | 17 | Р | Ниамей |
| Нигерия | 924 | 134,0 | 2,8 | 16 | ФР | Абуджа |
| Сенегал | 197 | 10,6 | 2,8 | 41 | Р | Дакар |
| Ангола | 1247 | 10,8 | 3 | 32 | Р | Луанда |
| Чад | 1284 | 9,3 | 3,3 | 22 | Р | Нджамена |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Заир | 2345 | 56,6 | 3,2 | 29 | Р | Нингшаса |
| Замбия | 753 | 10,3 | 2 | 38 | Р | Лусака |
| Судан | 2506 | 38,1 | 2,2 | 27 | Р | Хартум |
| Эфиопия | 1222 | 66,6 | 2,4 | 14 | ФР | Аддис-Абеба |
| Ботсвана | 600 | 1,6 | 1,6 | 50 | Бірлестік құрамындағы мемлекет | Габороне |
| Зимбабве | 391 | 12,6 | 1 | 31 | Бірлестік құрамындағы мемлекет | Хараре |
| Маврикий | 2 | 1,2 | 1,1 | 43 | Бірлестік құрамындағы мемлекет | Порт-Луи |
| Мозамбик | 783 | 17,5 | 2,2 | 28 | Р | Мапуту |
| Мадагаскар | 596 | 17,0 | 2,9 | 22 | Р | Антанариву |
| ОАР | 1221 | 42,8 | 1,3 | 45 | Р | Претория |


Назар аударғандарыңызға рақм !